



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 02 шілде

### 2018 жылғы 22 маусымнан 29 маусым аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

29 маусымдағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,2%-ға (340,27-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 341,08 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюталық нарық тұрғысынан 2018 жылғы 22 маусымнан 29 маусым аралығындағы маңызды оқиғалар АҚШ пен Қытайдың, Еуроаймақтың, Канаданың өзара сауда-саттық саясатына қатысты мәселелер ықпал етті. Атап айтқанда, АҚШ өкілдерінің АҚШ-тың технологиялық фирмаларына қытай инвестицияларына тыйым салуға және технологиялардың ҚХР-ға экспортын бұғаттаудың әлеуеттік мүмкіндіктеріне, АҚШ-қа инвестицияларды шектеу тек қана Қытайды ғана емес Вашингтон технологияларды ұрлайды деп күдіктенген басқа да мемлекеттерді де қатысты болуы мүмкіндігі жөніндегі түсініктемелері. Одан басқа, маңызды оқиға АҚШ-тың 34 ірі банктеріне стресс тестілеу жүргізу нәтижелерін жария ету болды.


Дамушы елдердің валюта бағамдарының<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

- **Бразилия реалы** өткен аптада нарыққа Бразилия Орталық банкінен валюталық своп операциялар ұсыныстарының болмауы салдарынан 2,4%-ға (3,79-дан 3,88-ге дейін) әлсіреді;
- **Оңтүстік Африка рэнді** инвесторлардың дамушы елдердің активтерін сату аясында 2,2%-ға (13,44-тен 13,73-ке дейін) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** Индонезия Банкінің дамушы нарықтардан капиталдың әкетілуі аясында бағамды ұстап тұру үшін мөлшерлемені 5,25%-ға дейін 0,5%-ға (күту 0,25% болғанда) күрт көтеруіне қарамастан, 1,7%-ға (14 086-дан 14 330-ға дейін) әлсіреді;
- **Үндістан рупиясы** 0,9%-ға (67,83-тен 68,47-ге дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** 0,3%-ға (62,99-дан 62,78-ге дейін) нығайды. Маңызды оқиға Дональд Трамп пен Владимир Путиннің 2018 жылғы 15 шілдеде Хельсинки қаласында өтетін кездесуі туралы хабарлама болып табылады;
- **Мексика песосы** 2018 жылғы 1 шілдеде өтетін президенттік сайлауда Лопес Обрадордың ықтимал жеңуі жөнінде позитивті нарықтық сентименттің аясында 0,5%-ға (20,01-ден 19,91-ге дейін) нығайды;
- **Түрік лирасы** таяуда болып өткен президенттік сайлаулардан кейін, сондай-ақ қазынашылық облигациялардың кірістілігінің біраз төмендеуі аясында 1,9%-ға (4,68-ден 4,59-ға дейін) нығайды.


<sup>1</sup> шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

<sup>2</sup> АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

**2018 жылдың басынан бастап 2018 жылғы 29 маусым аралығында дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %**



**Дамушы елдердің валюталары бағамдарының АҚШ долларына қарағанда өзгеруі, %  
(2018 жылғы 22-29 маусым)**



Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)